

**Ташкенбаева Б.Ж.**

аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: tashkenbaeva.b@gmail.com

**ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖЕТІСТІГІНЕ  
ӘСЕР ЕТКЕН КОНФУЦИЙШІЛДІК ДӘСТҮРДІҢ КЕЙБІР ФАКТОРЛАРЫ**

Бұл мақалада Корея Республикасының экономикалық дамуына әсер еткен конфуцийшілдік дәстүрдің кейбір факторлары туралы баяндалады. Конфуцийдің ілімі мың жылдан аса уақыт корейлердің сана-сезімінің, мінез-құлқының, ойлау жүйесінің, өмір салтының қалыптасуына ықпал еткен басты ілім болды. XX ғасырдың 60-шы жылдары мемлекеттің экономикалық дамуда ұстанған стратегиясына үлкен көмегін тигізді. Корей қоғамында қалыптасқан дәстүрлі саяси жүйесі мемлекеттің қатал әлеуметтік саясатын жүргізуіне мүмкіндік берді. Сол кездегі халықтың айрықша ауыр еңбек етуі, ерекше еңбексүйгіштігі, төзімділігі, шыдамдылығы және ұжымшылдығы, ортақ мақсат үшін жанталасып жұмыс жасауы экономикалық жетістікке жетуге зор үлесін қосты.

**Түйін сөздер:** конфуцийшілдік дәстүр, мемлекет, еңбекқорлық, ұжымшылдық.

Tashkenbayeva B.

senior lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: tashkenbaeva.b@gmail.com

**Influence of Confucian values on the economic development of South Korea**

This article examines some of the factors in the Confucian tradition that have affected the economic success of the Republic of Korea. The teaching of Confucius was the main teaching, which had a great influence on the formation of Korean consciousness, the behavior of the system of thinking and way of life for thousands of years. In the 60s of the twentieth century, it played an important role in the economic development strategies of the state. The traditional political system in Korean society allowed the state to pursue a strict social policy. The special hard work, special hard work, endurance and mobility of people at that time made a great contribution to the economic achievement of South Korea.

**Key words:** Confucian tradition, state, diligence, collectivism.

Ташкенбаева Б.Ж.

ст. преподаватель, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: tashkenbaeva.b@gmail.com

**Влияние конфуцианских ценностей на экономическое развитие Южной Кореи**

В этой статье рассматриваются некоторые факторы конфуцианской традиции, которые повлияли на экономический успех Республики Корея. Учение Конфуция было основным учением, которое оказало большое влияние на формирование корейского сознания, поведение системы мышления и образа жизни на протяжении тысячи лет. В 60-е годы двадцатого века оно сыграло важную роль в стратегии экономического развития государства. Традиционная политическая система в корейском общества позволила государству проводить строгую социальную политику. Особый упорный труд, особая напряженная работа, выносливость и мобильность людей в то время внесли большой вклад в экономическое достижение Южной Кореи.

**Ключевые слова:** Конфуцианская традиция, государство, трудолюбие, коллективизм.

## Кіріспе

XX ғасырдың аяғында адамзаттың қол жеткізген жоғары қарқынды экономикалық дамуына әсер еткен негізгі факторларын қарастыру ғалымдардың үлкен қызығушылығын тудырды әрі ол туралы пікір-таластар да әлі күнге дейін толастамай келеді. Көбінесе Шығыс Азиядағы Жапония, Оңтүстік Корея, Ганконг, Тайвань, Вьетнам сияқты елдердің жедел экономикалық өсуіне шығыс азиялықтардың дүниетанымының негізіне айналған конфуцийшілдік дәстүр әсер еткен бе деген сұрақ туындады. Бұл мәселені зерттеушілер арасында экономикалық дамуға қарқын берген конфуцийшілдік дегенді толықтай жоққа шығару және экономикалық өсудегі жетістіктің құпиясы конфуцийшілік құндылықтарда деп бағалау сияқты бір-біріне кереғар келетін екі пікір қалыптасқан. Дегенмен осы мәселені ұзақ уақыт қарастырған ғалымдардың көпшілігі Шығыс Азия елдерінде конфуцийшілдік принциптерді іс жүзінде қолдану экономикалық табыстың негізгі факторы болмаса да қажетті жағдайдың бірі болды деген пікірмен келіседі. Конфуцийшілдік дәстүр негізінде қалыптасқан олардың ұлттық сана-сезімі мен қоғамдық қатынастары ел экономикасын дамытуда ұстанған стратегиясына үлкен көмегін тигізгені рас.

Кореяның экономикалық дамуы туралы жазғанда оны көбінесе «экономикалық ғажайып» болды деп айтады. Бірақ бұл пікірмен кейбір корей экономикасын зерттеген ғалымдар келісе бермейді. Соның ішінде ресейлік жетекші ғалымдар: В.И. Шипаев, В.М. Мазуров, С.С. Суслина осы елдің экономикасын зерттей келе және оның түрлі саяси, әлеуметтік факторларын көрсетіп, Оңтүстік Кореяда ешқандай экономикалық ғажайып болған жоқ, керісінші халықтың айрықша ауыр еңбек етуі, ерекше еңбексүйгіштігі, төзімділігі, шыдамдылығы және білімге деген керемет ынтасы, әрі сондай-ақ бірнеше он жылдаған езгіге түскен ұлттың тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі прогреске ұмтылуы болды деп санайды (Суслина, 1997: 6). Шыныменде өткен ғасырдың екінші жартысында батыстың жүйесі әлі толық ене қоймаған, әрі ғасырлар бойы келе жатқан дәстүр ерекшеліктері берік сақталынған қоғамдағы экономикалық жетістіктің бастамасы мемлекеттің жүргізген әлеуметтік-экономикалық саясаты мен халықтың сол уақыттағы әлеуеті екендігі күмән тудырмайды. Бір жағынан С.С. Суслина көрсеткендей оңтүстіккорейлік модернизацияның же-

тістіктерін талдау үшін де халықтың дүниетанымын зерттеуге көңіл бөлу қажет деген пікірімен келісе отырып, елдің экономикалық тұрғыдан дамуына әсер еткен ұлттық ерекшеліктерді жан-жақты талдау жасау қажет деп ойлаймыз.

Корей халқының ұлттық ерекшеліктері мен рухани мәдениетінің қалыптасуына өте ерте кезде Қытай жерінен келген конфуцийшілдік ілімі өз ықпалын тигізді. Конфуцийшілдік Кореяда аса ыждақаттылықпен, өте қатаң түрінде қабылданғаны соншалық қытайлардың өзі корейлерді өздерімен салыстырғанда бұл діннің жолындағы нағыз тақуалар деп санаған. Олар Кореяны «әдептіліктің шығыс елі» атап, корейлердің белгіленген рәсімдерді, ережелерді асқан дәлдікпен, бұлжытпай ұстанатындарын көрсетті. Кореядағы конфуцийшілдік оқу ағарту жүйесі, дәстүрлі церомониялар мен азаматтық басқаруды білдірді. XX ғасырдың басында монархияның құлауымен оның тек бірінші функциясы ғана өз мағынасын сақтап қалған еді. Алайда тамыры тереңге кеткен конфуцийшілдік дәстүрге сай өзін-өзі ұстау ережелері және әлеуметтік қатынастар әлі күнге дейін корейлердің ойлау жүйесі мен тәртібінде маңызды рөл атқарады. Корей қоғамын тереңірек түсінуге қызығушылық танытқан әрбір зерттеуші маман конфуцийшілдік дәстүрдің аспектілерін қарастырмай, одан айналып өту мүмкін емес деп санаған.

## Негізгі бөлім

Корея ұзақ жылдар жапон отаршылдарының езгісінде болды және одан кейінгі түбектің екіге бөлінуі, корей соғысы сияқты ауыртпашылығын тартты. Соған қарамастан Оңтүстік Корея халқы аз уақыттың ішінде адам таңқаларлық экономикалық дамуда үлкен жетістікке қол жеткізді. Әлем назарын өзіне аударған корейлердің жетістігіне елдің басты идеологиясы конфуцийшілдік дәстүр ерекше рөл ойнады. Ал бұл ілім корей халқының ұлттық құндылықтары мен қоғамдық қатынастар жүйесінің қалыптасуына өз ықпалын тигізді. Оңтүстік Корея экономикасын дамытуда батыстың нарықтық экономикалық қатынастары мен менеджментін белсенді түрді қабылдағанымен, бірақ конфуцийшілдік дәстүрдегі жоғарыдағы басшыға қарсы келмей бағынуына, жалпы қоғамдық тәртіптің сақталуына ерекше мән берді. Сондықтан да батыстың классикалық капитализмінен оңтүстік корейлік капитализмі өзінің азиялық саяси-мәдени үлгісімен ерекшеленеді. Елді модернизациялау процесі басталған кезде корей басшылығы дәстүрлі ұғым ерекше-

ліктерін ескере отырып, өздерінің жаңа саясатын осы түсініктер бойынша қалыптастыруға тырысты. Себебі батыс мәдениетіндегі индивидуализм, адами қарым-қатынастарының түрі қауіпті екенін әрі шығыс қоғамына сәйкес келмейтінін біліп, ғасырлар бойы келе жатқан рухани мәдениетіндегі моралға негізделген ұлттық құндылықтардың қажет екенін жақсы түсінді. Қазірде Кореяда жаһандану үрдісінің, жалпы әлемдік мәдениеттің жаңа принциптерін қабылдауды айтып ұрандағанымен, негізінде олар дәстүрлі мәдениетін ұстанып, оны сақтап қалуға күш салады.

*Оңтүстік Корея қоғамындағы конфуцийшілдік дәстүр*

XX ғасырдың 60-шы жылдары Оңтүстік Кореяда басталған экономикалық серпілістің кейбір құпиясының кілті халықтың дүниетанымындағы құндылықтар мен ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерінде жатыр. Ал оған тән сипатын адамдардың іс-әрекетінен, тарихы мен материалдық мәдени ескерткіштерінен, халықтық өнерінен, діни сенімдері мен әдет-ғұрпынан және тілінен табуға болады. Жалпы корей халқының ұлттық санасын, оның тарихи кезеңдерін, ұлт ретінде қалыптасу жолы мен мәдениетінің түпкі тамыры мен бастауларына жіті үңіліп, тану қазіргі корей қоғамын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қытай мен Жапония сияқты Оңтүстік Кореяға да экономикалық даму және саяси модернизациядағы жетістіктеріне конфуцийшілдік дәстүрдің ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтар жүйесі өз ықпалын тигізді. Конфуцийдің ілімі мен идеясы мың жылдан аса уақыт корейлердің сана-сезімінің, мінез-құлқының, ойлау жүйесінің, өмір салтының қалыптасуына ықпал еткен басты ілім болды. Осы айтылған басты бағыттарда даму барысында ұлттық дүниетанымы қалыптасты. Ол дегеніміз:

1) қоғамдағы әлеуметтік тәртіпті қатаң сақтау;

2) еңбекқорлық және білімге ынталы болу;

3) қызмет бабында өсуге өзін-өзі жетілдіруге әрдайым ұмтылу;

4) отбасылық, әлеуметтік байланыстардың мызғымастығын сақтау.

Мұның бәрі де корейлердің ұлттық мінезіндегі конфуцийшілдік ерекшеліктер ретінде мығым орнықты. Қаншама уақыт өтсе де ол дәстүр жалғасын тауып, жойылмай келеді. Қазіргі уақытта корейлердің өмір салтымен, ойлау жүйесімен тұтасып, ұлттық мінез-құлық пен дүниетанымының маңызды бөлігіне айналған. Сондықтан берік орнаған конфуцийшілдік дәстүр

кейін де қоғамды іштей бір-бірімен байланыстырып, «қоғамдық үйлесімділікті» орнатты. Оның адамның өзін-өзі жетілдіру сияқты принциптері қоғамдағы «бәсекеге қабілеттілікті» көтеру арқылы басқалармен бәсекелесе алатын халықаралық деңгейдегі экономикалық дамуға жол ашып және Кореяның әлемдік көсбашыға айналуына себеп болып отыр.

Конфуцийшілдік этикасының негізіне иерархиялық қоғамдық тәртіпті сақтау идеясы жатады. Әрбір адам қоғамда өзінің болмысына қарай өз орнын иелену керек. Иерархияға деген құрмет пен үлкенге бойұсыну түсініктері қоғамдағы әлеуметтік тәртіпті орнатты. Қоғамдағы қатынастар үйлесімділік пен құрметке құрылды. Өйткені корейлер адамды жасы жағынан болсын, қоғамдық дәрежесі жағынан болсын құрметтеуді бірінші орынға қойған. Конфуцийшілдік ілімде үлкен адамды құрметтемеу тіпті үлкен күнә болып есептеледі. Сондықтан болар, әрбір корей үшін үлкен деген сөздің өзі көп нәрсемен байланысты ұғымды білдіреді. Бұл жағдайдың бәрі ең алдымен жас ұрпақты тәрбиелеуден бастау алады. Жасы үлкен адамға дөрекі мінез танытпау, әңгімелескенде оған көрсетілген құрмет белгісі ретінде бетіне тік қарамау, көзіне тесіреймей жүзінді төмен ұстау, өзіне ұсынылған затты екі қолмен немесе білекті екінші қолмен сүйеп, яғни міндетті түрде екі қолдың қатысуы сияқты ережелерді орындау мәдениеттіліктің және тәрбиеліктің белгісі саналған. Бала күнінен осыған тәрбиеленіп көңіліне тоқып өскендіктен корейлер есейген шағында жасы үлкенге деген құрметінен танбаған. Ондай мінезді тек тәрбиесіз, бұзақылар ғана бұзуы мүмкін. Тәрбие қоғамдық тәртіпті тудырды. Қазіргі уақытта барлық корей мектептеріндегі оқу-тәрбие процесіне ұлттық тәрбиені де енгізген. Әр мектептің корейлердің ұлттық нақышында безендірілген сыныпта бұрынғы рәсімдер мен ритуалдар туралы сабақтар бар. Оқушыларға үлкендермен дұрыс амандасуды, олармен сөйлескенде өздерін қалай ұстау керектігін үйретеді, салт-дәстүрді, ұлттық мерекелердің тойлануы туралы оқытады. Сондықтан батыс зерттеушілерінің көзқарасынша қытай мәдениетінің іргетасы конфуцийшілдік идеялардың дінгегі мен тірегі қазіргі уақытта Қытай емес Оңтүстік Корея деп санайды екен (Хун. 2011).

Кореяда кезінде қоғамдық-саяси қарым-қатынастарда қалыптасқан иерархиялық жүйесі қазіргі уақытқа дейін сақталынып, корей «экономикалық ғажайыбының» болуына өз септігін тигізді. Қазіргі таңда батыс елдерінде бастықтың

алдында себепсіз бас ию, ашық түрде қызметтік иерархияны көрсетуі тиіс емес болса, ал корей қызметкерлері үшін бұл әдеттегі қалыптасқан жағдай саналды. Жұмыс күшінің тәртібі, еш наразылықсыз бұйрықты орындау саяси тұрақтылық пен өндірістік тәртіпті қамтамасыз еткен факторлардың бірі болды. Кореяда әлі күнге дейін билікке, өзі тікелей бағынатын басшыға деген ерекше құрмет көрсетіп, бағыну сақталынған. Ал бұл кәсіпорынның, фирманың және басқа да мекемелердің қызметінің табысты болуына әсер етті. Конфуцийшілдіктің түсінігінде мүлтіксіз адалдық және қожайынға шексіз берілгендік «мәртебелі ер» мінез-құлқының негізі болды. Иерархиялық жүйеге бағынышты қоғамда жоғарғы билеушінің немесе мемлекеттің рөлі айрықша болды.

#### **Мемлекет**

Қоғамның экономикалық тұрғыдан сәтті дамуына қажетті қандай да бір ұйымдастыратын басты фактордың болуы шарт. Кореяда экономикалық дамуда күшті мемлекеттік билік болды, яғни орталықтанған басқару әдісі жетекші рөл атқарды. Конфуцийшілдік идеология орталықтандырылған күшті мемлекеттің болуын идеал санайды. Оңтүстік Кореяның аз ғана уақыттың ішінде экономикалық серпіліс жасап, қарқынды даму жолына түсуіне күшті авторитарлық биліктің болуы өз ықпалын тигізді. Кореяны бай әрі мықты ел ретінде көргісі келген әскерилерден тұрған билік күші ел экономикасын жаңа деңгейге көтере алатын стратегияны құруға тырысты. Олардың алдында халықтың білімінің аздығы, табиғат қорының жетіспеушілігі мен кедейшілік жағдайда, қуатты экономикалық дамуға қалай жетуге болатындығы туралы сұрақ тұрды. Бұл тығырықтан шығаратын бір ғана шешім қабылданды: тәртіп және арзан жұмыс күші. Нарықтық экономиканың жаңа даму жолына түскен сәтте аянбай еңбек етуге дайын тұрған арзан жұмыс қорлары мемлекеттің жалғыз ғана басымдылығы болды. Азаматтық құқықты басқан қатал әскери диктатура орнады. Бұл қатал тәртіп саяси ортада басқаша көзқарастар мен өзінің жағдайын жақсартуды талап ете алмаған жұмыскерлердің құқын басып тұрды. Кореяда 1971 жылы үкімет ереуілдерге қатысуды мемлекеттік қылмысқа теңестіретін арнайы қаулы шығарды, ал кәсіподақтарға жұмыскерлердің мүддесін қорғауға тыйым салынды. Олар елдегі ішкі қарсылық пен тәуелсіз кәсіподақтардың қозғалыстарын басып тұрды. Кәсіподақтардың жетістіктері жұмыс күштерінің қымбаттауына әкеліп соқтырар еді. Олар үшін нарық бірінші кезекте тұрған жоқ,

тек қана мемлекеттің экономикасын дамыту мен дамыған мемлекеттерді қуып жету үшін керекті құрал ретінде пайдаланды.

Қатал экономикалық саясат пен Азия мемлекеттеріне тән дәстүрлі мемлекетті басқарудың диктаторлық режимі ойлағандай жүзеге асты. Билік өмір бойы жермен ғана айналысқан ауылдық жердегі халқының басым бөлігін қалалық жерлерге көбірек тартып, зауыт-фабрикаларға жұмысқа салды. Олар алдымен күріш алқабында ғана жұмыс істеп үйренген әйелдерді фабрикаларға әкеліп тігін машиналарына отырғызды. Олар аптасына еш демалмастан күн сайын 15 сағаттан жұмыс жасады. Жеңіл өнеркәсібінің қызу дамыған тұсы 1961-1972 жж. болды. Бұл жылдардағы елді жедел индустрияландыру мемлекеттің өз азаматтарының құқы мен еркін шектей отырып, еңбек ресурстарын барынша пайдаланған қатаң әлеуметтік саясаты арқылы жүзеге асты. Корей халқы 20-ғасырдың басында жапон отары кезіндегі ауыр әлеуметтік өмір, кейінгі корей соғысы мен 60-жылдарға дейін ауыр тұрмыстан кейінгі әскери диктатураның жүргізген саясатына қарсы шыққан жұмысшылардың қозғалысы болған жоқ. Сондықтан экономикалық даму адамдардың еңбегін аяусыз қолдану ешқандай әлеуметтік шығындарды шығармастан жүзеге асты.

Билік сондай-ақ, экономиканың әр түрлі саласымен айналысатын жергілікті қаржылық өнеркәсіптік топтар – чеболдарға қолдау көрсетті. Ал оңтүстік корейлік концерндердің барлық қызметі қатаң әлеуметтік саясат пен еңбек ресурстарын барынша пайдалану арқылы жоғары экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізіп, ешқандай кәсіпорындарда жұмысшылар үшін әлеуметтік қолдау көрсетудің ешқандай шараларын қарастырмады. Чеболдардың әлеуметтік саясатты жүзеге асыру шаралары ірі корпорацияның бекітілген жарғылары мен ережелеріне сәйкес жүргізілді деуге болады. Сондай-ақ билеуші чеболдар элитасының «ұлттың игілігі үшін жалпыға ортақ еңбек принципі», «ұжымдық мүддені жеке бастың мүддесінен биік қою» сияқты қоғамдық нормалар мен құндылықтарды насихаттауы билеуші үкіметтің әлеуметтік саясатының одан сайын беки түсуіне әкелді. Экономиканың басты тетіктерін ұстап, ірі конгломерат компанияларға айналған «чеболдардың» қызметінің арқасында мемлекеттің ЖІӨ-мі көтеріліп, кедейшіліктен шықты.

Мемлекеттің игілігі үшін жанкешті еңбек жоғарғы ұлттық культқа айналып, кәсіпорындарда белсенді түрде адамдардың санасына



құйылды. Бір жағынан бұл кезде чебольдар мемлекеттік аппаратқа өте тәуелді болғандықтан әлеуметтік және қоғамдық өзгерістерді жүзеге асыруға белсенді түрде қатысты. Барынша жоғары қарқынды экономикалық өсуге қол жеткізу үшін аз ғана шығынмен негізінен арзан және тиімді жұмысшы күшіне арқа сүйеді. Қаржылық өнеркәсіптік топ – чебольдар өз жағынан үкімет белгілеген межеден шығу үшін кәсіпорын жарғысындағы бекітілген нормадан артық ұзақ жұмыс аптасын енгізді. Заң бойынша ол 44 сағатпен шектелгенімен 1980 жылдардың ортасында 60 сағат болды (Сигида. 2014:141). Іс жүзінде жұмыс уақытының ұзақтығы бекітілген нормадан асып, аптасына алты күндік жұмыс уақыты 12 сағатқа созылды. Жалпы сол уақыттағы еңбек қатынастарының айрықша белгісі жекелеген жұмысшы қозғалысын басып отырған. Оңтүстік Корея мемлекеттің экономикалық стратегиясының арзан жұмыс күшін пайдаланған еңбек қатынастары тек 90-шы жылдары ғана өзгере бастады. Жұмысшылардың еңбекақысы көтеріліп, халыққа түрлі әлеуметтік жағынан қолдау көрсету сияқты мәселелерді шеше бастады.

*Еңбек культі және оның нәтижесі*

«Экономикалық ғажайыптың» болуына көмектескен корейлердің ұлттық психологиясындағы бір қасиет осы ұлтқа тән қасиеттің бірі еңбекқорлық ерекше назар аудартады. Корейлердің еңбекқорлығы – қазіргі уақытта барлығына мәлім әрі зерттеушілер корей «экономикалық ғажайыбының» болуы да ұлтқа тән осы қасиетінің арқасында жүзеге асты деп санайды.

Корейлердің еңбекқорлығының ерекше сипаты бар, ол қоғамда конфуцийшілдік мұраның тағы бір бөлігі ретінде сақталынған – дәстүрлі еңбек этикасы. Бұл конфуцийшілдік қағида қазіргі корей қоғамында әлі де сақталынып қана қоймай, сонымен қатар, экономиканың дамуына айтарлықтай ықпалын тигізді. Конфуцийшілдік әр кезеңде еңбек қарбаластығын, өзін ұстай білушілікті және ұжымда жұмыс істей алу қабілеттілігін жоғары бағалады.

Еңбекқорлық, мақсатына ұмтылушылық ұлттық сипаттың ерекшеліктерін анықтайтын қасиеттер негізінде жалпы адамзатқа тән. Қиыр Шығыс халықтарына тән еңбекқорлық, мақсатына деген ұмтылу қасиеті географиялық және әлеуметтік өмір жағдайы қалыптастырған қасиет корейлерге де тән болды. Еңбекқорлық корейлердің рухани мәдениетіндегі өзіндік орны бар жоғары құндылықтың бірі деуге болады. Корей ұлтының менталитетінде еңбекке деген құрмет культқа айналған.

Еңбекқорлықтың сипатты – ұзақ уақыт жұмыс істеу, қажырлы және жалықпай еңбектену деп санаймыз. Бір шетінен еңбекқорлық мәнін толықтай анықтау оңай емес. Егер ұзақ уақыт жұмыс істеуді дегенді білдірсе, онда ия корейлер даусыз еңбекқор деуге болады. Еңбекқорлық туралы зерттеулер әдетте жұмыстың ұзақтығына қатысты ғана айтылады. Қаншалықты ұзақ жұмыс істейсің соншалықты еңбекқорсың. Осы өлшем еңбекқор халықты анықтайды. Жалпы халықаралық ғылыми ұйымдар мен орталықтарда ара-тұра зерттеулер жүргізіп, еңбекқор деген ұлтты анықтап отырады. Сол тізімді бастап тұрған үштіктің ішінде әрдайым оңтүстік корейліктер болды, тіпті көбінесе ең бірінші орынды иеленеді екен. Тіпті ХХ ғасырдың аяғында-ақ әлеуметтанушы-зерттеушілер олардың ең ұзақ жұмыс істейтіндердің алдыңғы қатарында екенін жариялады. Басқа елдермен салыстыра отырып жасалынған соңғы статистика бойынша корейлер жылына орташа есеппен 2357 сағат жұмыс істейді екен. Ал бұл көрсеткіш 1797 сағат жұмыс істейтін АҚШ тұрғындарымен салыстырғанда бір ширек, ал 1391 сағат жұмыс жасайтын голландықтардан екі есе артық. Әрине Кореяда барлық елдердегідей заңды түрде жұмыс уақыты сағат 9-дан кешкі 18-ге дейін деп көрсетілген. Бірақ сағат жетіде кетудің өзі ерте, олар сағат 8-9-ға дейін отыру керек деп санайды. Қажет болған жағдайда одан кеш қайтуы мүмкін. Бұл жағдайға ешкім ренжіп, шағымданбайды. Сонымен қоса Кореяда қалыптасқан тәртіп немесе жазылмаған заңы бойынша басшылықтан бұрын жұмыстан ерте қайту деген мүлде жоқ. Әрбір корейлік үшін нақтыбір іспен айналыспай шұғылданбаса да өз қызмет орнын тастап кету дегеніміз сұмдық жағдай саналады. Кореяда «тынымсыз еңбектенуші корейлер» үшін аптасына 5 күн жұмыс жасау тек 2001 жылдан бастап ғана енгізілді. Бұрынғы билік жүйесінде еңбек ету саясаты қатаң жүргізілгенін айттық, тіпті одан кейінгі 70-80 жылдары да жексенбі күнгі демалыс көп жерде тіпті сақталынбаған. Ал жылына бір рет шығатын еңбек демалысы да өте қысқа. Корейлер ресми түрде екі апта демалыс алады, бірақ көпшілігі еңбек демалысын жұмысында өткізеді. Жалпы Кореяда бір апталық демалыс қалыпты жағдай, ал екі апталық тіпті үлкен мерзім саналады.

Корейлер ұзақ уақыт бойы дамылсыз жұмыс жасауы мүмкін. Тіпті ол механикалық түрдегідей бірқалыпты атқарылатын әрі жалықтыратын жұмыс болса да асқан төзімділікпен жұмыс істей береді. Корейлердегі мұндай қабілетті күріш

өсірудің арқасында қалыптасқан деп санауға да болады. Корейлердің дәстүрлі басты азығы күріш екені белгілі, ал оны өсіру оңай шаруа емес, оны жиі біркелкі қозғалысты көп қайталай бересің. Осыдан олардың бойында төзімділік пен шыдамдылық, біркелкіліктен жалықпайтын қабілет пен жұмысты ыждағаттылықпен атқару жігері бар деуге болады. Жұмыста тер төгіп, жанын салуға тырысады, ал сол жұмысынан айырылғандай жағдай туса, әсіресе экономикалық дағдарыс кезінде адамдар жаппай жұмыстан босап қалған кезде олар өздерін құрдымға кеткенмен бірдей санайды. Қай қоғамда жұмыссыздық дегеніміз өте жаман нәрсе екені түсінікті. Дегенмен корейлер үшін сұмдық жағдай, өмірлік мақсатының күйреуі санап, кейбірі өзін-өзі өлімге қияды.

Сонымен қатар атап өтетін нәрсе корейлердің еңбекқорлығы өзінің айрықша сипаты бар. Кейбір сарапшы мамандар корейлерді мазохистер және әрдайым өздерінің өмірін қиындатуға тырысатындар сияқты деп бағалайды екен. Корей тілінде «косэн» деген сөз бар, оның аудармасы «ауыртпашылық, қиындық». Міне осы айтылған «косэньда» жүрсең корейлер үшін сен өте кереметсің, сені бәрі құрметтейді, жандары ашиды, еңбекқор, тырысып жүрген адам санайды. Ал егер сен өз-өзіне риза болып, шалқактап жүрсең әрі бос уақытың көп болса онда саған айналасындағылар оған бір нәрсе көрінген деп сенімсіздік қарай бастайды. Тіпті бәріне үлгеріп жүрсең де бәрібір, сенің өміріңде міндетті түрде сол айтылған «косэнь» болуы керек (Кириянов. 2013.) Тағдырдың тауқыметін басынан кешпей болмайтын сияқты ғой өзі. Әлде өмірлік сынақтан өту ме? Сірә, корейлер үшін тырысу дегеннің өзі нәтижеге қарағанда маңызды ма деген ой келеді. Корей білім беру жүйесіндегі негізгі идея да сол – бастысы талпыну мен ынта қою, ал нәтиже сосын келеді. Бүгінде корей балаларын не нәрсеге үйретеді. Ол еңбектің – өмірдегі басты құндылық екендігі және оны әрқашан жадынан шығармауға міндетті сияқты. Тіпті нәтиже үшін емес сол процесс үшін жасалынған еңбек мықты. «Рахмет» (수고 하세 요) сөзінің мағынасы «еңбек етуге тырысыңыз» екен. Демалу бұл әрқашан да жаман, ал еңбектену өте жақсы. Корей анасы өз баласын ұйқысы қанбаған баласын таңғы азан болмай оятады. Батыста материалдық игіліктің деңгейі барынша мол қазіргі уақытта еңбек туралы әңгіме орнына барған сайын адамның өмірден алуы тиіс қажеттіліктері туралы көбірек сөз болады. Ал Корея әлі де дәстүрлі қалыбынан таймай, яғни жұмыс-

сыздық – күнә, ал еңбек – ізгі деген принципті ұстанып келеді. Батыс елдеріндегі мектептерде балаларды оқыту ешқандай белгілі пәндер бойынша жүргізілмейді, олар көбінде балалардың демалуға құқылы екенін алға тартады. Ал корейлер еңбектің қадірін балаға ерте бастан-ақ ұғындырады. Ерінбей, жалықпай күнделікті таңертеңнен қара кешке дейін оқи беруге корей балалары ерте кезден үйренеді. Корейлік ата-ана үшін баласының жалқау болғанынан қорқынышты ештеме жоқ. Ғасырлар бойы келе жатқан даналығы біз үшін қаншалықты қарапайым болса, ал олар үшін мәнін жоймай келеді. Корейлерге өз қоғамында қадірлі саналу үшін де асыра еңбектену қажет. Әлемдік экономика да білім беру т.б. салада Батыспен бәсекелесе алатын бұл шеттегі азиялықтарды жақын болашақта-ақ адамды әлемдік жетекші позициясынан ысыруы мүмкін «сары нәсілділердің қауіпі» туралы жиі айтыла бастаған.

Сонымен қоса еңбекқор корейлер үшін қоғам, отбасы алдындағы беделі мен келбетін сақтап қалу дегеніміз өте маңызды саналады, яғни олар үшін өздерінің атақ-абыройына кір келтірмеуге ерекше мән береді. Сол үшін олардың көбісі қанша зорықса да сол артық жұмыс істеуден бас тартпайды. Тек соңғы жылдары бұл жағдайлар адам өліміне алып келіп жатқаннан кейін дабыл қағып, уақытында демалуды талап етіп, үкімет арнайы қаулы шығарып, бес апталық жұмыс уақытын енгізді. Бұл бір шетінен генетикалық қасиет, көбінде мыңжылдық айрықша мәдениетінің әсерінен қалыптасқан жағдай. Оның кейбірі біз үшін қатал көрінгенімен, олардың оған бойы үйренген және одан ешқандай қаталдықты көрмейді.

Кореяда жұмыс адам өміріндегі басты орын алады. Бұл табыс көзі ғана емес, бұл оның импульсы және оның өмірінің басты мәні. Жергілікті тұрғындар қандай да бір хобби туралы ештеңе білмейді. Корейлік жұмысынан басқа іспен айналысса (шет тілі курсы, компьютер және т.б.) бәрі мансап үшін қажет болады деген ойлармен байланысты. Бір жыл ішінде бірнеше күнге ғана демалысқа шығатын, қалған уақытта қызу жұмыс істейтін корейлікті – еңбек ері емес, ол мұндағы қоғам нормасына лайықты өмір кешіп жатқан жан деп санау керек. Еңбекке деген ерекше құрмет көрсету, тер төгіп еңбек ету сияқты ұлт бойындағы қасиет, олардың өмірін басқаратын конфуцийшілдік нормалармен одан сайын күшейтілді, нәтижесінде корей «экономикалық ғажайыбына» айтарлықтай үлес қосты.

#### **Ұжымшылдық рухы**

Конфуцийшілдіктің өнегелі бастамалары:

ұжымшылдық, өзін ұстай білушілік, заңға бойұсыну және өзін-өзі шектеу, үлкенге құрмет, билік беделіне табыну. Міне осының бәрі Кореяның саяси мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған.

Қиыр Шығыс елдері – суармалы күріштің өркениеті. Күріш егістігін күтіп баптау бір ғана адамның немесе бір шаруа отбасының күші жетпейді. Сондықтан үлкен еңбекті талап ететін бұл жұмысқа жүздеген қолдың күші керек болды. Ауыл шаруашылығы еш уақытта және қазіргі уақытта да жігерлі еңбексіз, ынтасыз, өз күшіне тірексіз және өзара көмексіз жетістіктерге жетуге болатын қызмет саласы болып табылмайды. Сол кезде мемлекет аграрлық саясатты жүргізіп, ауыл шаруашылығының дамуына септігін тигізді. Еңбексүйгіштік пен ұжымшылдық рухы тіршілік ету барысында ұлттың бойына біткен қасиеті болғанымен конфуцийшілдік дәстүрмен күшейтілген.

Корей халқының әлі күнге дейін бойында сақтап келе жатқан ерекше қасиеттерінің бірі – ұжымшылдық. Ұжымшылдық жоқ жерде бірлік болмайды дегендей, корейлердің осы ерекше қасиеттерінің арқасында Кореяның бүгінгі экономикасындағы нәтижеге қол жеткізді. Корейлердің ұжымшылдық мәдениеті – әлемдегі өте жақсы және динамикалық ұжымшылдық мәдениеттің бірі. Оның жағымды ұйымшыл тәртібі мен жоғарғы сапалы еңбегі «корей ғажайыбының» пайда болуына септігін тигізді. Samsung, Hyundai және LG секілді ірі корей конгломераттары, атақты бренд ретінде жаһандық тұтынушылардың тауар нарығында қысқа мерзімнің ішінде пайда болды. Корей үкіметінің шебер басшылығынан бөлек, ауыр жұмыс және корей еңбегінің өзін ұстай білуі корей конгломераттарының тез өсуінің маңызды факторлары болып табылады.

Корей халқының ұжымшылдық мәдениетінің қалыптасуына конфуцийшілдік әсер еткен деп санаймыз. Үлкенге құрмет, басшылыққа адалдық және үйлесімді қарым-қатынастар сияқты конфуцийшілдік қағидалар кейін корейлердің еңбек ету мәдениетінде ұжым мүддесі үшін жұмыла жасауы барысында беки түсті. Сонымен қоса өндірісте ұжымшылдық рухы барған сайын күшейтіліп қоғамдағы басты құндылықтардың біріне айналды. Кореядағы чебольтардың негізін қалаушыларының көпшілігі өздерінің кәсіпті басқарудағы әдістеріне, ең алдымен халық бойында бар ұжымшылдық қасиеттерін жетекші орныға қойып, өз пайдаларына асырды. Компания да үлкен отбасы саналды. Компания басшылығы өз қызметкерлеріне отбасындағы мүшесін-

дей қабылдап, қарауы керек, ал қызметкерлер компанияның мүддесі үшін барын салып жұмыс жасауы керек. Жеке бастың мүддесі мен қажеттілігі әрқашан екінші орынға қойылды.

Кез келген елдің экономикасының өсуі, егер ұлттың ұжымшылдық, кәсіпкерлік рухы болмаса ол елдің дамуы ұзаққа созылуы мүмкін емес. Сондықтан Корея экономикасының ұзақ мерзімде тұрақты дамуына ұлттың бойында жинақталған қасиет өз маңызын ешқашан жоймайды.

### Қорытынды

Батыс ғалымдары бұл аймақтағы даму ерекшеліктерін қарастыра келе «Азиялық дамудың үлгісі» атты ұғымды енгізді. Бұл ұғымның ішінде «лайықты басшылық және жеке бастама» деп аталатын конфуцийшілдік әдіс ерекше орынды иеленеді. Осындай теориялардың пайда болуы да әлемдік аренада Корея экономикасының қарқынды дамуын түсіндіреді.

XX ғасырдың соңғы онжылдықтары Шығыс Азия елдерінің қарқынды экономикалық дамуының дәуірі болды. Осы аймақтағы елдердің ғасырлар бойы саяси-мәдени өмірінде маңызды орын иеленген конфуцийшілдік құндылықтар олардың экономикада үлкен серпіліс жасап, ілгері дамуына көмектесті. Ал бұрын, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Шығыс Азияның зиялы және саяси қайраткерлері батыс империализмінің алдындағы өздерінің әлсіздігінің себебіне конфуцийшілдікті айыптаған болатын. Дегенмен уақыт өте келе бұл халықтардың санасындағы конфуцийшілдік құндылықтар мен берік орнаған дәстүрлеріне деген көзқарас өзгерді. Ал енді экономикалық жетістіктеріне олардың әрқашанда отбасы құндылықтарын бәрінен биік қойған, білімге ерекше көңіл аударған, билік басындағыларға құрмет көрсеткен конфуцийшілдік дәстүрінің арқасында екенін мойындап отыр.

Сонымен Оңтүстік Корея демократиялық бағыттағы саяси модернизациясы мен экономикалық даму жолындағы табыс батыстың технологиясы, нарықтық қатынастарын игеру сияқты бірқатар факторлармен түсіндірілгенімен, соның ішінде жоғарыда айтылған құндылықтармен сәйкес жүзеге асты. Корейлердің дүниетанымында қалыптасқан кейбір ерекшеліктерді зерделеу арқылы Оңтүстік Кореядағы батыл түрде жүргізілген қарқынды экономикалық модернизациясы орасан зор ерен еңбектің, ұлттық бірегейлік пен патриоттық сезімнің күштілігі, ұжымдық және әлеуметтік қарым-қатынастағы дәстүрге беріктігі,

білім алуға ынтазарлығы, прагматизм мен материалдық игілікке ұмтылу сияқты корей халқының санасында қалыптасқан күшті қадір қасиетінің арқасында болды деген қортындыға келдік.

Корейлердің әлеуметтік қатынастарды қатаң сақтауы, еңбекқорлығы, ұжымшыл болуы дәстүрлі құндылықтар негізінде бойға біткен қасиет.

Еңбек өмірдің ең басты құндылығы санайтын корей халқы адал еңбектеніп, бар күшін салып жұмыс істеуінің арқасында өз қалағандарын жүзеге асырды. Дәл қазіргі уақытта да әрбір корей азаматы «бар ынтамен жұмыс істеп, еңбек ету арқылы жетістікке жетемін» деп ойлайтынына күмән келтірмейміз.

#### Әдебиеттер

Суслина С.С. (1997) Республика Корея на постиндустриальной стадии развития (конец 80-х – начало 90-х годов). – М.: Вост. лит. РАН. – 224 с.

Хун Ц. (2011) Влияние конфуцианской идеи ритуала «ли» на идеологию и культуру народов Кореи и Японии // Вестник ЧитГУ. – №10 (77).

Сигида Ю.С. (2014) Социальный аспект влияния финансово-промышленных групп чеболь на развитие Южной Кореи во второй половине XX – начале XXI в. // Вестник ТомГУ. – С. 140-144.

Кирьянов О.В. (2013) Корея и корейцы. О чем молчат путеводители. – М.: РИПОЛ, 59 с.

#### References

Cuclina C.C. Recpublika Korea na postindustrialnoi stadii razvitiia ( kones 80-x nachalo 90-x godov) M.: Vost. lit. RAN. 1997. 224 s.

Xun S.Vliania konfusianskoi ideu ritual «li» na idialgiu i kulturu naradov Korei i Yponia // Vestnik ShitGu.2011.№10 (77)

Cigida U.C. Sosialnyi aspect vliania finansovo-promyshlennyx grup shebol na razvitie Ujnoi Korei vo vtoroi polovine XX – nashale XXI v. Vestnik TomGu.2014. S.140-144.

Kirianov O.V. Korea I koreisy. O shem molshat pytevoditeli. M.RIPOL. 2013. 59 s.